



# SARQAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады • www.sarkan-gazeta.kz • e-mail: Igitan01@mail.ru • №42 (9596) 18 қазан 2024 ж.

## «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОРЫНЫҢ ҚАРАЖАТЫНА СПОРТ ЗАЛЫ САЛЫНДЫ



Жетісу облысында «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қаражаты есебінен жаңа спорт нысаны қолданысқа берілді. Заманауи спортзал Панфилов ауданы Көктал ауылында есігін айқара ашты. Нысанның ашылу салтанатына Бейжіңде және Парижде өткен Олимпиада ойындарының күміс жүлдегерлері Демей Жадыраев пен Нұрбақыт Теңізбаев қатысты, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының мәліметіне қарағанда, ауылдық елді мекендерде спорт объектілерінің қажеттілігін азайту бағытындағы жұмыстар шеңберінде өңірде «Қазақстан халқына» қорының қаражаты есебінен модульдік үлгідегі жылдам тұрғызылатын спорт кешендерін салу жобасы басталды. Осыған сәйкес

Көктал ауылында ангар үлгісіндегі жаңа спорт залы салынды. Онда командалық спорт түрлерімен айналысуға барлық жағдай жасалған. Нысанның жалпы ауданы — 1300 шаршы метр.

Көктал — ауданның ең үлкен ауылдық елді мекені, мұнда 10 мыңнан астам адам, ал ауылдық округте 12 282 адам тұрады.

—Ауылымызда халық тығыз қоныстанғанына қарамастан, бізде бұған дейін спорт кешені болған жоқ. Балалар жаттығуға көрші ауылдарға баратын. Енді өзіміздің заманауи спорт залымыз бар. Бұл — бәріміз үшін де қуаныш, — деді жергілікті тұрғын Сайлау Солтанқұлов.

Мемлекет қолдауының арқасында жуырда Панфилов ауданының Үшарал ауылында жаңа спорт кешені ашылады.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

### ► Мәселе

2022 жылы облыс бойынша 15 апаттық көпірге жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірленген. Биыл соның екеуі қолданысқа беріледі. Олар — Сарқан ауданындағы Лепсі өзені арқылы өтетін және Қаратал ауданындағы суару каналынан өтетін көпірлер.

## ЕЛ ТІЛЕГІ ЕСКЕРІЛДІ

Мұқан Төлебаев атындағы ауылдағы Лепсі өзені арқылы өтетін көпір кеңестік кезеңнен бері бар. Бірақ соңғы жылдары әбден тозығы жетіп, істен шығуға таяған. Көпір апатты жағдайда тұрғандықтан облыс әкімімен кездесуде тұрғындар мәселені тез арада шешу қажет екенін айтқан. Себебі, бұл Мұқан Төлебаев, Шұбартүбек және Үлгі елді мекендерін орталықпен жалғастырып тұрған маңызды өткел. Халықтың сұранысы бойынша аймақ басшысы көпір құрылысын тез арада жөндеу қажеттігін сала мамандарына тапсырған. Осылайша халық үніне құлақ асып көпір құрылысының жұмысын жедел бастап кетті.

Жоба жұмысы 2023 жылдың маусым айынан басталды. Мұнда тапсырыс беруші «Жетісу облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі. Құрылыстың бас мердігері «ЖОЛ» ЖШС, техникалық қадағалауды жүзеге асыратын ұйым «Аймереке» ЖШС, жобалаушы «CRB Construction» ЖШС. Жобаның жалпы құны 947,5 млн. теңгені құрайды. Қазір жұмыс 35 пайызға орындалып, бірінші және төртінші тіреулерге монолитті бетон құрылысы аяқталған. Жаңа көпірде жарықтандыру, жаяу жүргіншілер жолы да жасалуда. Қазір құрылыс алаңында 25 маман, 13 техника жұмыс істеуде.

Мұқан Төлебаев атындағы ауылдың тұрғындары құрылыс барысын жіті қадағалауда. Сондықтан да мердігер жұмысты биыл аяқтауды жоспарлап отыр.



Еңлік КЕНЕБАЙ.

## БАСПАСӨЗ - 2025

Құрметті оқырмандар! Аудан тынысымен танысып, осы өңірдің өткені, бүгіні және келешегі жайындағы тарихи, танымдық және сараптамалық мақалалармен апта сайын жүздерсіңіз келсе **SARQAN** газетіне келер жылға жазылыңыз!

Газетке жазылу ҚАЗПОШТА аудандық бөлімшесінде және аудандық газет редакциясында жүргізіледі.

**Зейнеткерлер үшін**  
индексі 35202,  
жылдық бағасы - 3915,2 теңге.

**Жеке жазылушылар үшін**  
индексі 65202, жылдық бағасы -  
4915,2 теңге.

**Мекеме-ұйымдар үшін**  
индексі 15202, жылдық бағасы -  
5915,2 теңге.

## В "Жонгар-Алатауском" нацпарке высадили зеленый островок

**В рамках общенациональной экологической акции «Таза Қазақстан» в национальном парке было высажено более 50 саженцев хвойных и лиственных пород.**

«Идея увеличения лесных массивов должна стать по-настоящему народной. По этой теме нужно организовать серьезную информационно-разъяснительную работу среди граждан», - сказал в своем сентябрьском Послании народу Казахстана «Справедливый Казахстан: закон и порядок, экономический рост, общественный оптимизм» Глава государства Касым-Жомарт Токаев.

Из девяти названных направлений развития республики на ближайшую перспективу Президент страны посвятил седьмое из них улучшению экологической ситуации и культивированию бережного отношения к окружающей среде. При этом общенациональная экологическая акция «Таза Қазақстан» должна стать не разовой кампанией по уборке мусора и посадке саженцев, а фундаментальной программой экологического мировоззрения всех казах-

станцев.

Наш «Жонгар-Алатауский государственный национальный природный парк» был создан с целью сохранения и воспроизводства животного и растительного мира. Ежегодно в парке проводятся различные экологические акции с целью привлечения большого количества местных жителей из числа населения Сарканского и Алакольского районов к сохранению природы. Одна из таких природоохранных акций — «Жасыл жапырақ».

В 2024 году это мероприятие мы проводили в рамках общенациональной экологической акции «Таза Қазақстан». На территории Лепсинского сельского округа было высажено около 50 саженцев хвойных и лиственных пород. В посадке приняли участие волонтеры школьного лесничества, школьники, сотрудники национального парка, работники музея и местное население. В ходе одной акции



своими усилиями мы создали небольшой зеленый островок, но радует то, что в целом по области под эгидой «Таза Қазақстан» на сегодняшний день посажено уже более 30 тысяч саженцев.

**Р. САМИГУЛОВ,**  
лесничий Лепсинского лесничества Лепсинского филиала РГУ «Жонгар-Алатауский ГНПП».

Источник фото:  
Дмитрий ЕРОФЕЕВ.

**Сыбайлас жемқорлық**

# Берекелі әрі әділетті қоғам әрбірімізден бастау алады

**Еліміздің өсуіне, өркендеуіне мүмкіндік бермейтін сыбайлас жемқорлықпен күрес қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың басым бағыттары болып табылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев "Жемқорлықтың барлық түрімен ымырасыз күрес – мемлекетіміздің одан әрі дамуының басымдығы. Парарқорлық, тамыр-таныстық, қоңырау шалу арқылы мәселе шешу және тағы басқа келеңсіздіктер жылдар бойы азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сеніміне селкеу түсіргенін білесіздер. Осы орайда халықтың әділдікке деген үміті азая бастады,- деген болатын. Өз сөзінде Президент жемқорлыққа итермелейтін жүйелі себептер мен жағдайларды жою аса маңызды екенін атай келе, жоғары лауазымды тұлғалар арасындағы сыбайлас жемқорлықты анықтауға және оның жолын кесуге баса мән бердің маңыздылығын тілге тиек еткен болатын.**

кеселдің жолын кесуге біршама батыл қадамдар жасалды.

Сондай-ақ өзіміздің өңірімізде де осынау кеселдің алдын алу жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда аудан әкімдігінің жанында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы құрылып, комиссияның биылғы жылға жұмыс жоспары 2023 жылдың 27 желтоқсанында бекітілген болатын. Осы орайда комиссия тарапынан атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталсақ.

Адалдық пен парасаттылық қағидаттарын нығайту мақсатында «Парасаттылық пен адалдық – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты бағыттары» атты акциясы аясында Сарқан ауданы бойынша іс-шаралар жоспары құрылып, жоспар аясында түрлі деңгейде 48 іс-шара өткізілді. Атап айтсақ, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында заңнама талаптарын сақтаудың маңыздылығы туралы -7 дөңгелек үстел, ауылдық округ әкімдерімен-8 семинар, мемлекеттік қызметшілермен-12 семинар өткізілді. Сонымен қатар, 97 мемлекеттік қызметшілер арасында сауалнама өткізілді. 2024 жылы 30 мамыр күні ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің тапсырмасымен «Халық заңгері» жалпы республикалық акциясы өткізіліп, заңгерлер заң аясында халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Жыл сайынғы Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне объективтілік, сенімділік,

айқындық, жан-жақтылық қағидаттарына ішкі талдау жүргізіледі.

Аудан бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы - 27 билборд ілініп, әр мемлекеттік мекемелердің қабырғаларында «Пара беру бостандықтан айырады және бұлңғыр болашақ» тақырыбында 98 плакат ілінді.

Өңірдегі мемлекеттік қызметшілердің адалдық пен парасаттылық қағидаларын ұстануы бойынша пікірін көрсететін халықпен, жастармен, ардагерлермен, мәдени қызметкерлермен 2 әлеуметтік интервью жазылып, 8 видеоролик әлеуметтік желіге шығарылды.

Жалпы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін жұмыстың орындалуы тұрақты бақылауда екенін атап өткім келеді.

Салдарымен емес себебімен күресу қашанда жеңілірек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, ағарту шаралары жүйелі түрде жүзеге асуда. Аудан халқының құқықтық мәдениетін арттыру, қоғамда сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың алдын алу, құқық бұзушылықтарға «нөлдік» төзімділікті қалыптастыру мақсатында біршама жұмыстар ұйымдастырылып өткізілуде. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету, жалпықоғамдық тәрбиешілікті қалыптастыру мақсатында бірқатар ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Биыл БАҚ қызметкерлерін марапаттау рәсімінде Президент Қасым-Жомарт

Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы барлық деңгейде қарқынды жұмыс қолға алынғандығын айта келе "Біз әр салада заң үстемдігін қамтамасыз ету үшін нақты шаралар қабылдап жатырмыз. Қазақстан – құқықтық мемлекет. Ал кез келген құқықтық мемлекетте азаматтар мен институттардың барлығы заңдарды, ережелер мен нормаларды мүлтіксіз сақтауға тиіс. Қоғамдағы қарама-қайшылықтар мен келіспеушіліктер ұлттық заңнамаға және негізгі халықаралық нормаларға сәйкес шешілуі керек. Бұл – мен үшін мызғымас ұстаным. Сонда ғана біз берекелі және әділетті қоғам құрамыз. Сондықтан Заң мен тәртіп қағидатын баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін Әділетті Қазақстанды құру үшін берік іргетас деп қараған жөн. Біз, ең алдымен, жемқорлықты түбірімен жоюымыз керек. Мен осы мәселеге айрықша мән беремін. Біз қоғамда бұл кеселдің бар екенін жасырмаймыз. Қайталап айтамын: жемқорлық – кесел. Біз тұтас қоғам болып оған қарсы тұруымыз керек. Сонда ғана нәтиже болады", - деген болатын Мемлекет басшысы. Осы орайда аталмыш кеселге қоғам болып қарсы тұрудың кез келген шарадан нәтижелі болатындығын баса айтқым келеді. Әрбір саналы адам қоғамдағы бармақ басты, көз қыстылыққа қарсы тұрса Әділетті Қазақстанның берік іргетасы қаланар еді.

**Асхат ҚАЛИАСҚАРОВ,**  
Сарқан ауданы әкімінің міндетін атқарушы.



## Балуандар белдесті

9-10 қазан аралығында Сарқан қаласында қазақ күресінен облыстық бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу орталығының қызметкерлері арасындағы турнир өтті. Турнирді өткізудегі басты мақсат - қызметкерлер арасында достық, ұжымдық қарым-қатынасты нығайту.

Аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде өткен білектілер мен жүректілер жарысына облысымыздың 8 ауданы, 2 қаласынан келген балуандар бақ пен бап сынады. Қазақтың ұлттық биімен бастау алған турнирді құттықтау сөзімен Сарқан ауданы әкімінің орынбасары Алмас Байғұнысов, облыстық бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу орталығының директоры Рүстем Қалиев салтанатты түрде ашып, барша қатысушыларға сәттілік тіледі.

Сонымен тартысты өткен жарыста "Жеңіске деген жігері" үшін номинация бойынша Талдықорған қаласының палуаны «САДЫР» лақап атымен Құрманғалиев Ермек марапатталды. Турнирде жүлделі 3 орынды «НАЙМАН» лақап атымен Сарқан ауданының спорт нұсқаушысы Бекмолданов Нұржан және «БАРЫС» лақап атымен Ескелді ауданының спорт нұсқаушысы Орынбасар Диас иеленсе, 2 орынға «ӘШІКЕН» лақап атымен Қаратал ауданының спорт нұсқаушысы әрі ең үлкен балуан Дюсекенов Арай тұрақталды. Ақтық сында топ жарған кербұлақтық балуан Дидар Жанпейсов бұқаралық спорттың арнайы дайындаған чемпиондық белбеуіне ие болып, мерейі үстем болды. Жеңімпаздарға мадақтама қағазы мен бағалы сыйлықтар табысталды.

**Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.**

## ЖЕТІСУДА ТАЗАЛЫҚ ШАРАЛАРЫ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР




Жетісу облысы бойынша 6 сәуір мен 15 қазан аралығында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында экологиялық акцияларға жалпы 205 мыңнан астам адам атсалысты.

Облыс бойынша «Киелі мекен», «Қызыл тас – тасбақа», «Таза кәсіп - Таза аймақ», «Жинаquest» экологиялық акциялары мен «Таза аула, таза көше» байқаулары ұйымдастырылды.

Эко-шараларға облыс тұрғындары, кәсіпорындар мен мекеме қызметкерлері, волонтерлер, жастар, шағын және орта бизнес, медицина, білім, мәдениет және спорт саласының өкілдері қатысты. 1 729 техника жұмылдырылды. Нәтижесінде 8 208 тонна қоқыс шығарылды, 2 265 км арық желісі тазаланып, облыс аумағында 31 811 түп көшет отырғызылды.

## • Денсаулық



## МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕГІ МӘРТЕБЕҢІЗДІ ТЕКСЕРІҢІЗ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында салық төлеушілер кабинетінің қолданушыларына МӘМС жүйесіндегі ағымдағы мәртебелерін және төлемдердің тұрақтылығын тексеруді ұсынатын SMS-хабарламалар жіберілетіні хабарланды. Бұл шаралар МӘМС жүйесіндегі сақтандыру мәртебесін жоғалтудың алдын алу үшін жасалып отыр.

Егер азаматтың мәртебесі «сақтандырылмаған» деп көрсетілсе, не істеу керек?

**Бірінші.** Қызметкер жұмыс берушінің есепшісіне хабарласып, төлемдердің уақытылы жүргізілгенін тексеруі керек.

**Екінші.** Жеке кәсіпкер немесе дербес төлеуші төленбеген айлар үшін жарналарды анықтап, Kaspi.kz, Halyk, BCC.KZ мобильді қосымшалары арқылы төлеуі қажет.

Қосымша кеңес алу үшін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына сайт (<https://msqory.kz/>), телеграм-бот (<https://t.me/SaqtandyryBot>), e-Өтініш платформасы (<https://eotinish.gov.kz/>) арқылы өтініш қалдыруға болады.

Айта кетейік, ҚР «МӘМС туралы» заңының 14-бабының 7-тармағына сәйкес, жұмыс берушілер мен салық агенттері қызметкерлерге, оның ішінде азаматтық-құқықтық шарт бойынша жұмыс істейтіндерге ай сайынғы аударымдар мен жарналар туралы хабарлауға міндетті.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»  
КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.

## Роль витамина В1 - бенфотиамин в организме человека

**Тиамин** – является водорастворимым витамином из группы В. Бактерии, грибы, и растения способны самостоятельно синтезировать тиамин В1, но люди подобным качеством не обладают и поэтому нуждаются в поступлении в организм человека с пищей. В организме превращается в биологическую активную форму – тиамин пирофосфата. Он стал одним из первых открытых синтезированных витаминов. Недостаток витамина В1 – тиамин известен как болезнь Бери-бери, клиника которой проявляется как в параличи и отёках.

Тиамин должен поступать с пищей в достаточном количестве. Норма витамина В1 – 1,3 мг для мужчин и 1,1 мг для женщин. Продукты, содержащие витамин В1 – тиамин – цельное зерно, бобовые, яйца, печень и дрожжи. В развитых странах причиной недостатка витамина В1 с пищей является хронический алкоголизм, ожирение. В развивающихся странах причиной недостатка витамина В1 является недоедание – голод.

**Клиника недостатка витамина В1 – тиамин:** общая слабость и снижение рефлексов, периферическая полинейропатия.

**Неврологические симптомы:** симметричное поражение чувствительных и двигательных нервов особенно в нижних конечностях, энцефалопатия Верника (Синдром Верника – Корсакова) данное заболевание характеризуется сочетанием рвоты, нарушением зрения и психоз.

**Кардиологические симптомы:** включают в себя повышенный сердечный выброс, тахикардию, периферические отёки и боль в груди, достигающие степени сердечной недостаточности. Лечение высокими дозами внутривенного тиамин (вит. В1) может привести к быстрому улучшению симптоматики у больного. А также неврологические симптомы тоже быстро



приводят к улучшению больного.

**Недостаточность тиамин при сердечной недостаточности:** клиника бери-бери, включающая отёки, кардиомегалию и сердечную недостаточность на фоне высокого сердечного выброса напоминает проявление сердечной недостаточности. При лечении внутривенного больших доз тиамин 4,0-100,0 физ.р-р внутривенно 10 дней ФВ возросла уже через неделю (ФВ с 28% + на 11%) до (ФВ с 32% + 9%) И после дополнительных 6 недель перорального приёма тиамин во всей группе ФВ возросла на 27% (Shimon et.al.1995)

Применение бенфотиамин В1 при лечении диабетической нейропатии. Интересным методом лечения являются применение препаратов тиамин В1 (тиамин и бенфотиамин). Тиамин фосфат, биологическая активная форма тиамин В1 является кофактором транскетотазы, влияющей на эффективность пентофосфатного пути метаболизма. Активация данного фермента его кофактором, т.е. тиамин В1 позволяет ему увеличивать интенсивность гликолиза по пентозофосфатному пути при высоких концентрациях глюкозы.

Это позволяет подавить активность четырех опасных путей метаболизма глюкозы, то есть уровень полиола, гексозамина, протеинкиназы, С и конечных продуктов гликирование существенно снижается. Но к сожалению у больных сахарным диабетом постоянно имеется недостаточность тиамин-В1. Поэтому для больных сахарным диабетом крайне важно получать достаточное количество тиамин В1-тиамин.

**С.ТУЛЕГЕНОВА,**  
врач-терапевт поликлиники ГКП  
на ПХВ «Сарканская районная центральная больница».

## ТІС ЕМДЕУ КІМДЕР ҮШІН ТЕГІН?



**МӘМС бойынша сақтандырылған азаматтарға стоматолог қандай жағдайда тегін көмек көрсетуі тиіс?**

Шұғыл жағдайда стоматологиялық қызмет 18 жасқа дейінгі балаларға, жүкті әйелдерге, ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, 1, 2 және 3 топтағы мүгедектерге, «Күміс алқа» және «Алтын алқа» төсбелгілерінің иелеріне, атаулы әлеуметтік көмек алушыларға, инфекциялық, әлеуметтік мәні бар және қоршаған ортаға қауіп төндіретін аурулармен ауыратын науқастарға, мүгедек балаға немесе бірінші топтағы мүгедекке күтім жасайтын жұмыс істемейтін адамдарға тегін болып табылады. Осы санаттағы азаматтарға келесі көмек түрлері қолжетімді: - ауырсынуды басу - химиялық қатайтылған композиттік материалдардан жасалған пломбаны дайындау және салу; - ауырсынуды басу арқылы тіс жұлу;- периостотомия;- абсцесстерді ашу.

Ал жоспарлы түрде стоматологиялық қызметіне 18-жасқа дейінгі балалар мен жүкті әйелдер тегін жүгіне алады.

**Жоспарлы түрде көрсетілетін көмек түрлері:** - ауырсынуды басу арқылы тіс жұлу; - химиялық қатайтылған композиттік материалдардан жасалған пломбаны дайындау және салу.

Одан бөлек, жақ-бет аймағында туа біткен патологиясы бар балаларға арнайы ортодонтиялық пластина орнату бойынша стоматологиялық қызмет тегін көрсетіледі.

Стоматологиялық көмек алу үшін учаскелік дәрігердің жолдамасы қажет емес, тек жүрген тіс емханасы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен шарт жасасқан болу керек. Жетісу облысы облысында МӘМС аясында қызмет көрсететін стоматологиялардың тізімін <https://msqory.kz/> сайтынан көре аласыздар.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»  
КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.

## Жазатайым оқиғалардан абайсызда уланудың алдын алу

Өндірістегі жазатайым оқиғалардың (жарақаттану, абайсызда улану) әр түрлі болуы жұмыс сипатына, жұмыс орнына, зиянды өндірістік факторларға және тағы басқа да нақты еңбек жағдайларына байланысты.

**Өндірісте жарақаттанудың себептерін үш түрге бөлуге болады:**

1. Техникалық - технологиялық процестердің «кемшіліктеріне» байланысты қауіпсіздік талаптарын бұзу. Оларға жұмыс аймағындағы ауаның зиянды заттармен шамадан тыс ластануы сияқты санитарлық-гигиеналық нормалардың бұзушылықтары, жеткіліксіз немесе ұтымсыз жарықтандыру, шу деңгейінің жоғарылауы, діріл, қолайсыз метеорологиялық жағдайлар жатады.

2. Ұйымдастырушылық - кәсіпорындардың жұмыс орнында еңбекті ұйымдастыру деңгейіне байланысты. Оларға мыналар жатады: технологиялық процестің, жұмыс орындарын ұстау ережелері мен нормаларының бұзылуы, жұмысшылардың еңбек қауіпсіздігі тәсілдеріне оқытудағы кемшіліктер; қауіпті жұмыстарды техникалық қадағалаудың әлсіздігі және қауіпсіздік техникасының ең маңызды бұзушылығы - қызметкерлердің жеке қорғаныш құралдарын қолданбауы.

3. Жеке (психофизиологиялық) себептер - шартты түрде физикалық және жүйке-психикалық жүктемелер, қызметкердің қателесіп әрекет жасауына алып соғатын шамадан тыс жұмыс істеуі жатады. Адам көру, есту, тактильді анализаторлардың шаршауынан стресстік жағдайларға және сырқаттануға әкелетін шамадан тыс физикалық жүктемелерге байланысты әрекеттерін тиісті түрде жасамайды.

• Жазатайым оқиғалардың барлығы дерлік бірқатар себептерден, бірақ ең алдымен жол берілген еңбекті қорғау талаптарының, санитарлық ережелердің бұзушылықтарынан туындайды.

• Сондай-ақ, «адам факторымен» (тікелей орындаушының әрекеттері); жұмысты ұйымдастырумен (бірлескен орындаушылардың - жұмысшылар мен жұмыс берушінің әрекеттері) байланысты факторларды ажырату маңызды.

• Бірақ кез-келген жағдайда, жазатайым оқиғаға себепші - әрекеттерін тиісті түрде жасамаған адам болып табылады. Жазатайым оқиға тек техникалық себептерден орын алмайды, өйткені жазатайым оқиға тек дұрыс емес жасалған әрекеттер мен олардың салдары арасындағы аралық кезең болып табылады. Себептерді техникалық, ұйымдастырушылық және жеке себептерге бөлу жазатайым оқиғаның себептерін анықтауға және жол бермеу үшін қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

• Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі барлық ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралардың негізі жұмыс орындарында ластануы заттар концентрациясының, шу, діріл деңгейлерінің артуы, желдету жүйесінің тиімсіз жұмысы сияқты қауіпті факторларды, оларды жою жөніндегі шараларды өзірлей отырып анықтау мақсатында профилактикалық шараларды, оның ішінде өндірістік бақылаудың ұйымдастырылуын қамтамасыз ете отырып, өндірістегі жазатайым оқиғалардың ықтимал тәуекелдерін және қауіптілігін талдау болып табылады. Өйткені, кез-келген өндірістегі ең басты мақсат - жұмысшылардың денсаулығын сақтау.

**Р.ОРЫНБЕКОВА,**  
Сарқан аудандық СЭББ жетекші маманы.

# Книга - долгожитель семьи

А мы решили заглянуть в волшебный мир домашних библиотечек, к нашим активным, а также старейшим читателям нашего села, познакомиться с книгами – долгожителями семьи. Зачастую читатели становятся, не по призванию, а по зову души. Потому, что человеку это жизненно необходимо. Без чтения книг нет настроения, нет стремления к чему-то новому, появляются пустота в душе. Это поймет только настоящий читатель, ценитель и любитель книг. И в наше информационное время есть люди, которые не могут жить без книг. Так и Галина Александровна Никонова ни одного дня не проходит у нее без чтения. Про эту удивительную женщину можно сказать словами известной песни «не стареют душой ветераны...» Она посещает все культурные мероприятия в школе. Долгие годы посещала сельскую библиотеку, пока она существовала на селе. И сама работала библиотекарем в сельской библиотеке. Несмотря на почтенный возраст, Галина Александровна много читает, занимается рукоделием. Любит читать женские, исторические романы. Галина Александровна читает не только сама, но и привила любовь к чтению своим детям, внукам, а сейчас и правнукам. Пронесла любовь к книге на протяжении всей жизни. Она рассказывает, как зачитавшись интересной книгой, не может от нее оторваться. Более 40 лет своей жизни посвятила она учительскому делу – преподаванию русского языка и литературы в школе. Трудное довоенное и послевоенное детство, не всегда в жизни складывалось гладко, но и сегодня этой женщине еще многое по плечу. Много старых книг сохранилось в домашней библиотечке: «Улица младшего сына», Льва Кассиля, написанная в 1949 году, «Поднятая целина» Михаила Шолохова, 1934 год издания, Максима Горького «Детство», 1948 год и много дет-

**Дом, где живут книги, всегда особенно пахнет. И запах этот ни с чем не перепутаешь – даже с закрытыми глазами поймешь, куда ты попал. И каждый житель этого дома – со своим особенным характером и внешностью – ждет именно тебя. Заходи почаще в библиотеку, чтобы найти новых друзей, чтобы побыть наедине с собой и заглянуть в волшебный и сказочный книжный мир.**

ских изданий, которые она перечитывает и советует прочитать знакомым. Далеко за полночь горит свет в ее окне. Она вновь и вновь вместе с героями переживает жизненные невзгоды, расследует происшествия, путешествует по стране и миру.

Зайдя в дом Валентины Алексеевны Лейбутиной, услышишь сладковатый запах с нотками ванили, привкус персиковой косточки, если ее раскусить. Этот своеобразный запах долго хранившихся книг хочется вдохнуть, взять книгу, быстро пролистать страницы, позволяя себе нежиться в легком ароматном ветерке. И чувствуешь такое умиротворение. Кто бы, что не говорили, бумажные книги душевнее электронных: их можно трогать, полистать, понюхать. Неважно, старая книга или новая – она имеет свой запах. Причем вполне приятный. В этом доме большая домашняя библиотека собиралась годами. Валентина Алексеевна приобретала литературу в книжном магазине, хранятся дарственные книги, не просто хранятся, их берут читать друзья, коллеги, соседи, так как здесь много ценных и редких книг.

По профессии Валентина Алексеевна учитель начальных классов. Вся ее жизнь связана с книгой: и по работе, когда учила

малышей познавать первые азы, и когда брала в руки любимую книгу и читала, перечитывала, потом шла в библиотеку, чтобы поменять книгу на другую. Несколько лет посвятила библиотечному делу, работала в сельской библиотеке. С ранних лет любит читать. Что касается ее литературных предпочтений, то можно сказать она «всеядна»: русские и зарубежные детективы, историческая проза, любовные романы, фантастика, отечественная литература и, конечно, вечная классика. Эта интересная, мудрая собеседница, оптимистка по жизни, с ярким чувством юмора. Мы часто ставим ее в пример нашим читателям как образец любознательности, тренировки памяти и остроты ума. Любимые книги в этой семье «Унесенные ветром» М. Митчелл, произведения А.Дюма, Ш.Бронте Джейн Эйр, «Путь Абая» М. Ауэзова, произведения киргизского писателя Ч. Айтматова.

«Литературе также нужны талантливые читатели, как и талантливые писатели» - говорил Самуил Маршак. В нашем селе есть талантливые читатели. Они разные по возрасту, роду деятельности, увлечениям и интересам, но их объединяет любовь к книге и чтению.

В домашней библиотеке Никоноренко Любовь Михайловны пахнет восточны-

ми пряностями, спелой вишней. Любовь Михайловна активный человек, всегда приветливый, заряжающий всех хорошим настроением и оптимизмом. Она считает, что книга для человека является настоящим и верным другом, с которым можно скоротать часы свободного времени. В их семье хранят и читают книгу «Большая хрестоматия для начальных классов», в которой стихи, рассказы, сказки для детей. Книга очень дорога для всей семьи. На произведениях из этой книги вырастали дети, теперь читают внуки. Много литературы по специальности, ведь Любовь Михайловна по профессии учитель начальных классов. Самая старая книга на семейной книжной полке была издана в 1955 году. Это избранная лирика человека эпохи Возрождения, первого гуманиста Италии, Франческо Петрарка. Очень интересно и трогательно рассказало о книге Эно Рауд «Муфта, Полботинка и Моховая борода» Ульяна, внучка Любовь Михайловны: «Интересная, познавательная, добрая! Все приключения начинаются с ДРУЖБЫ! Встретились, поняли друг друга, подружились! Эта книга этим и прекрасна, потому что учит дружбе, пониманию, взаимовыручке!». Оказывается, эту книгу подарила ей бабушка, с тех пор книжка хранится в библиотеке. Это произведение для нее стало одним из любимых. Ульяна много читает. Среди любимых авторов называет Джоан Роулинг, Д. Дефо, Д. Свифта. Бабушка Ульяны очень трогательно относится к своим книгам: любовно перелистывает их, протирает пыль, перечитывает страницы. И можно с уверенностью сказать, что сберегая семейные традиции, Ульяна тоже сохранит эти книги.

Книги считают самым великим изобретением человека. Они передают знания от поколения к поколению. Если с книгой обращаться бережно, то она будет служить долго, принесет пользу многим людям.

А как вы обращаетесь с книгами?

**Н. КОВАЛЕНКО,**  
библиотекарь СШ Теректі с ДМЦ.

## ҚЫЛЫШ



Қару – атадан балаға мұра болып қалып отырған. Қазақ сарбазының соғыс қаруы негізінен бес түрге бөлінеді. Бұл олардың бірін-бірі ауыстыра алмайтын тек өзіндік жеке қызметіне байланысты. Ату үшін – садақ, түйреу үшін – найза, кесу үшін – қылыш, шабу үшін – айбалта және соққы қаруы – шоқпар. Қолбасшылар соғыс жүйесін ойластырғанда осы қару түрлерінің ерекшеліктерін ескере отырып, ол қаруларды мейлінше ұтымды пайдалануға негіздеген. Сонымен қатар соғыс қарулары әскери лауазымдарды белгілеу, әртүрлі символдық мағынада да қолданылған. Мысалы, қазақ хандарын ақ киізге көтергенде олардың белдеріне қылыш

байласа, түрік қолбасшылары дәреже ретінде шоқпар ұстаған. Ал байрақ тағылған найза көп халықтарда әскербасшылық белгі.

Осы орайда Сарқан ауданы тарихы музейінің экспозиция залында тұрған 18 ғасырдың қару үлгісі қылыш кешегі 1640 - 1730 жылдарындағы аралықта болған Аңырақай, Орбұлақ шайқастарында қазақтар жоңғарлардың естерінен тандыра күшті соққы берген қару - жарақтың бір түрі. Қазақ қылышы – басы бір жүзді, сыртына қарай қайқылау болып келетін кесу қаруы. Басының қайқылау болуы қылыштың кесу күшін күшейтеді. Қарсыласын шауып түсіруге ыңғайлап, болаттан жасалған өткір жүзді, ұзындау келген, тұтқалы имек қару, 1881жылдары қолданған казак үлгісі, Кавказ типіндегі Эфес. Сабы ағаштан жасалған, төменгі және жоғарғы бөліктері түсті металдардан жасалған. Қылыштың қабы ағаштан жасалған, былғары жабылған, жез құрылғысы бар: аузы, ұшы және дөңес жағында белдікке арналған сақина.

Жауынгер халқымыз "аттың жалында, түйенің қомында" жүріп, "ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен" Алтай мен Атырауға дейінгі ұлан-ғайыр даланы асқан ерлікпен қорғап қалды. Сондағы бір серігі осы бес қаруы еді. "Ер қаруы - бес қару" демекші, бесқаруымызды біле жүрген артық болмас.

**С. ЕРЖАНОВ,**  
Сарқан ауданы тарихы музейінің  
қор сақтаушысы.

## Табысты тіл саясаты – бірлік пен татулықтың негізі

**Мемлекеттік тіл саясаты қоғамда тілдік ортаны қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Оның мақсаты мемлекеттік тілді нығайту және қорғау, сондай-ақ көптілділік пен мәдени әртүрлілікті сақтауға жәрдемдесу болып табылады. Табысты тіл саясатын іске асыру азаматтардың әлеуметтік және тілдік интеграциясын қамтамасыз етуге, сондай-ақ қоғамның мәдени деңгейін арттыруға ықпал етеді.**

Табысты тіл саясатының негізгі аспектілерінің бірі мемлекеттік тілдің мәртебесі мен функцияларын, сондай-ақ азаматтардың тілді қолдану саласындағы құқықтары мен міндеттерін айқындайтын тіл заңнамасын қабылдау болып табылады. Тілдік заңнаманың болуы тілдік айырмашылықтарға байланысты қақтығыстардың алдын алуға көмектеседі және әртүрлі тілдік қауымдастықтардың бейбіт өмір сүруіне ықпал етеді.

Табысты тіл саясатының маңызды аспектісі-білім беру.Барлық азаматтар үшін мемлекеттік тілде білім беру мүмкіндіктеріне тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге тиіс. Мемлекеттік тілде оқыту ұлттың мәдени мұрасы мен лингвистикалық бірегейлігін сақтауға ықпал етеді.Жалпы, табысты тіл саясаты әлеуметтік интеграцияға, мемлекетті нығайтуға және мәдени әртүрлілікті қолдауға ықпал етеді. Тіл саясаты саласындағы сауатты әзірленген стратегия қоғамға жаһандану сын-қатерлерімен тиімді күресуге және әлемдік аренада өз ұстанымын нығайтуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік тіл қоғамдағы бірлік пен келісімнің негізі болып табылады. Ол әртүрлі мәдениеттер мен ұлттардың азаматтары арасындағы қарым-қатынас пен өзара түсіністікті қамтамасыз ете отырып, ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.Мемлекеттік тіл ресми құжаттардың, заңдардың, оқу материалдарының және қоғамдық өмірдің басқа да салаларының тілі болып табылады. Ол сондай-ақ білім беруде, мәдениетте және ғылымда маңызды рөл атқарады, ұлттық мұра мен сәйкестікті сақтауға ықпал етеді.

Алайда, мемлекеттік тілді тану басқа тілдер мен мәдениеттерді басуды білдірмейтінін есте ұстаған жөн. Барлық азаматтардың ана тілін пайдалану құқығын сақтай отырып, қоғамдағы тілдер мен мәдениеттердің әртүрлілігін сақтау және дамыту үшін жағдай жасау маңызды.Осылайша, мемлекеттік тіл қоғамдағы бірлік пен келісімді қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Ол ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал етеді, әртүрлі мәдениеттер мен ұлттар арасындағы қарым-қатынас пен өзара түсіністікті қамтамасыз етеді. Барлық азаматтардың ана тілін пайдалану және мәдени бірегейлігін сақтау құқығын сақтай отырып, мемлекеттік тілді қолдау және дамыту маңызды.

**А. АРГЫНБАЕВА,**  
"Тіл" оқу әдістемелік орталығының Сарқан аудандық филиалы мұғалімі.

## АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

№ 1 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Сарқан ауданы мәслихатының шығып қалған депутатының орнына сайлауды тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 14-бабының 2-3) тармақшасына, 1-тармағының 4) тармағына, 101-бабының 3-1 және 6-тармақтарына сәйкес және «Мәслихаттардың шығып қалған депутаттарының орнына сайлауды бір мезгілде өткізу күнін келісу туралы» Қазақстан Республикасы сайлау комиссиясының 2024 жылғы 6 қыркүйектегі №39/47 қаулысы негізінде Сарқан ауданының комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. №1 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Сарқан ауданының шығып қалған мәліхат депутатының орнына сайлау 2024 жылғы 8 желтоқсанға тағайындалсын.

2. Кандидаттарды ұсыну мерзімі 2024 жылғы 11 қазаннан 8 қарашаға дейін, кандидаттарды тіркеу мерзімі 2024 жылғы 13 қарашаға дейін белгіленсін.

3. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес 2024 жылғы 8 желтоқсанға тағайындалған, Сарқан аудан мәслихатының шығып қалған депутатының орнына сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспары бекітілсін.

4. Осы қаулы «SARQAN» аудандық газетінде және Сарқан ауданы сайлау комиссиясының интернет-ресурсында орналастырсын.

Төраға  
Хатшы

М. Естеуов  
Ш. Нурғалиева

## АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ

Сарқан аудандық аумақтық комиссиясы

Орталығы: Сарқан қ., Қабанбай батыр к-сі 24 а, «Ардагерлер үйі», тел. 8 (72839) 2-19-96.

Комиссия төрағасы – Естеуов Муратбек Касымбекович;  
Комиссия төрағасының орынбасары – Қабдолданова Салтанат Сакеновна;  
Комиссия хатшысы – Нурғалиева Шолпан Каналовна;  
Комиссия мүшелері: Маткаримов Нурахмет Жанахметович, Аскарова Айгуль Оразғалиевна, Баяхмет Гүлжан Ерғазықызы, Сыдыков Алмаз Сыдыкович.

### Сарқан аудандық сайлау комиссиясы округтік сайлау комиссияларының құрамын жариялайды

Сарқан аудандық мәслихатының депутатын сайлау жөніндегі №1 сайлау округі

Сарқан қаласы, А.Атанов көшесі, 17, «Жетісу облысы білім басқармасының Сарқан ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Ақын Сара атындағы орта мектебі» КММ ғимараты, тел.8(72839)27259

Комиссия төрағасы – Серкебаев Серик Төлеуханович  
Комиссия төрағасының орынбасары – Турарбеков Канат Турарбекович  
Комиссия хатшысы – Токтарова Гульзат Жайлаухановна  
Комиссия мүшелері – Тойшибаева Мадина Манаповна, Майтамбеков Ербол Кадырбекович

### Сарқан аудандық сайлау комиссиясы учаскелік сайлау комиссияларының құрамын жариялайды

№ 347 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Сарқан қ., А. Атанов к-сі 17, «Жетісу облысының білім басқармасының Сарқан ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Ақын Сара атындағы орта мектебі» КММ, тел. 8 (72839) 27259.

Комиссия төрағасы – Жилысова Сауле Толегеновна.  
Комиссия төрағасының орынбасары – Есенгулова Нурзиля Бакытжановна.  
Комиссия хатшысы – Жаркенова Шолпан Омисериковна.  
Комиссия мүшелері: Станбеков Арман Армиявич, Байғанышева Баян Советбековна, Тукушев Арман Балтабекович, Орумбекова Назира Темирхановна, Блискельдинова Айнур Сабитовна, Бегимбай Дастан Ерланұлы

### Сарқан аудандық мәслихатының депутатын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссиясының шекаралары

Сарқан аудандық мәслихатының депутатын сайлау жөніндегі №1 сайлау округі

Сарқан қаласы, А.Атанов к-сі, 17, «Жетісу облысының білім басқармасының Сарқан ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Ақын Сара атындағы орта мектебі» КММ, тел. 8 (72839) 27259

Шекарасы: №347 сайлау учаскесі

### Сарқан ауданы бойынша сайлау учаскесінің шекарасы

№ 347 сайлау учаскесі.

Орталығы: Сарқан қ., А. Атанов к-сі, 17, «Жетісу облысының білім басқармасының Сарқан ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Ақын Сара атындағы орта мектебі» КММ, тел. 8 (72839) 27259.

Шекарасы: Сарқан қ., көшелер: Өл-Фараби 1-ден 101-ге дейін, Бөгенбай батыр 1-ден 197-ге дейін, Наурызбай батыр 1-ден 118-ге дейін, С. Нұрбеков 1-ден 87-ге дейін, Қарасай батыр 1-ден 55-ке дейін, Д. Нұрпейісова 1-ден 46-ға дейін, Некрасов 1-ден 29-ға дейін, Әйтеке би 1-ден 21-ге дейін, С. Асфендияров 1-ден 28-ге дейін, О.Бокеев 1-ден 32-ке дейін, Л. Асанова 1-ден 17-ге дейін, Т. Рысқұлов 1-ден 32-ге дейін, М. Маметова 1-ден 16-ға дейін, М. Ғабдуллин 1-ден 25-ке дейін, І. Жансүгіров 1-ден 68-ге дейін, Біржан сал 1-ден 30-ға дейін, Балұан Шолак 1-ден 13-ке дейін, Сүйінбай 1-ден 40-қа дейін, Ғ. Мұратбаев 1-ден 39-ға дейін, Ө. Молдағұлова 1-ден 38-ге дейін, С. Бейбарыс 1-ден 14-ке дейін, Н. Жөнкебаев 1-ден 45-ке дейін, Ер Тарғын 1-ден 8-ге дейін, А. Атанов 1-ден 43-ке дейін, К. Байсеитова 1-ден 22-ке дейін, А. Жубанов 1-ден 31-ге дейін, Панфилов 1-ден 48-ге дейін, Ө. Абайдільданов 1-ден 22-ге дейін, Щорс 1-ден 17-ге дейін, Б. Майлин 1-ден 27-ге дейін, Папанин 1-ден 16-ға дейін, Е. Сыпатаев 1-ден 15-ке дейін, Терешкова 1-ден 10-ға дейін.

## ПОСТАНОВЛЕНИЕ РАЙОННОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ

О назначении выборов депутата маслихата Сарканского района по одномандатному территориальному избирательному округу №1 вместо выбывшего

В соответствии с подпунктом 2-3) статьи 14, пунктом 4) пункта 1, пунктами 3-1 и пунктом 6 статьи 101 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» и на основании постановления Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан от 6 сентября 2024 года №39/47 «О согласовании даты одновременного проведения выборов депутатов маслихатов вместо выбывших» территориальная избирательная комиссия Сарканского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Назначить выборы депутата маслихата Сарканского района по одномандатному территориальному избирательному округу №1 вместо выбывшего на 8 декабря 2024 года.

2. Установить срок выдвижения кандидатов с 11 октября по 8 ноября 2024 года, срок регистрации кандидатов по 13 ноября 2024 года.

3. Утвердить Календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению выборов депутата маслихата Сарканского района вместо выбывшего, назначенных на 8 декабря 2024 года, согласно приложению к настоящему постановлению.

4. Опубликовать настоящее постановление в районной газете «SARQAN» и разместить на интернет-ресурсе избирательной комиссии Сарканского района.

Председатель  
Секретарь

М. Естеуов  
Ш. Нурғалиева

## ТЕРРИТОРИАЛЬНАЯ ИЗБИРАТЕЛЬНАЯ КОМИССИЯ

Сарканская районная территориальная комиссия

Центр: г. Саркан, «Ардагерлер үйі», ул. Кабанбай батыра, 24 а, тел. 8 (72839) 2-19-96.

Председатель комиссии – Естеуов Муратбек Касымбекович;  
Заместитель председателя комиссии – Қабдолданова Салтанат Сакеновна;  
Секретарь комиссии – Нурғалиева Шолпан Каналовна;  
Члены комиссии: Маткаримов Нурахмет Жанахметович, Аскарова Айгуль Оразғалиевна, Баяхмет Гүлжан Ерғазықызы, Сыдыков Алмаз Сыдыкович.

### Сарканская районная избирательная комиссия публикует состав окружной избирательной комиссии

Избирательный округ № 1 по выборам депутатов Сарканского районного маслихата

Центр: город Саркан, ул. А.Атанова, 17, КГУ «Средняя школа имени Акын Сара» ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72839) 27259.

Председатель комиссии – Серкебаев Серик Төлеуханович.  
Заместитель председателя комиссии – Турарбек Канат Турарбекович.  
Секретарь комиссии – Токтарова Гульзат Жайлаухановна  
Члены комиссии – Тойшибаева Мадина Манаповна, Майтамбеков Ербол Кадырбекович.

### Сарканская районная избирательная комиссия публикует состав участковой избирательной комиссии

Участковая избирательная комиссия № 347

Центр: город Саркан, ул. А.Атанова, 17, КГУ «Средняя школа имени Акын Сара» ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72839) 27259.

Председатель комиссии – Жилысова Сауле Толегеновна.  
Заместитель председателя комиссии – Есенгулова Нурзиля Бакытжановна.  
Секретарь комиссии – Жаркенова Шолпан Омисериковна  
